

ӘОЖ 316.3(574)

ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІКKE ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Утебаева Акерке Сексенбаевна

akerkeus07@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Әлеуметтану» мамандығының 2-курс магистранты. Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Ә.С.Отар

Білім беру саласы әлемнің барлық өркениетті елдерінде дамудың басым бағыты болып табылады. Шын мәнінде, елдер тауарлар мен қызметтер ғана емес, олар қоғамдық құндылықтар жүйелерінің бірі - білім беру жүйесімен бәсекелеседі [1]. Жоғары білім деңгейін көтеру мүмкіншілігін арттыру барлық мемлекеттердің басты саясатының мақсаты болып отыр. Алғаш рет «жоғары білімге қол жеткізу» терминінің ресми түсіндірмесі 1997 жылғы біліктілігін тану туралы Мойындау Лиссабон конвенциясына берілді және «тиісті біліктілігі бар тұлғалардың өз кандидатурасын ұсыну және жоғары оқу орнына қабылдау мақсатында қаралған құқығы» ретінде анықталды. Тең білім беру мүмкіндіктерін анықтау мәселесінде, жоғары білімге қол жеткізу саясаты «әлеуметтік лифт» құруға бағытталуы тиіс [2].

Қазақстандағы жоғары оқу орындары санының күрт өсуіне қарамастан, жоғары білім халықтың бірқатар әлеуметтік-демографиялық топтары үшін қолжетімсіз болып қала береді. Қазақстан Республикасының Статистика комитетінің көрсеткіштері бойынша 2019-2020 оқу жылында 125 оқу орны тіркелген. 2019-2020 жылы оқу жылында білім алушылар саны 603 мыңнан асқан. Өткен жылы 543 мың білім алушы студент атанды, соның ішінде мемлекеттік білім гранттары есебінен білім алатын студенттер саны 180,088 мың адамды (29,8%), ақылы негізде оқитындар 424,3 мың адамды (70,2%) құрады [3].

Білім ол әлеуметтік институт, өйткені ол өзінің тұрақты құрылымы, мәртебесі, нормасы, ережесі, символдары бар және автономды түрде әрекет ете алады. Ең алдымен, білім беру мемлекет мен қоғаммен мойындалған, заңмен бекітілген. Білім берудің адамзат

тарихында орны зор. Ол қазіргі заманғы қоғам мен мемлекет дамуының фундаменталды механизмі болып табылады [4]. Білімнің қолжетімділігі қоғам дамуындағы орны жөніндегі ойлар Аристотель, Платон секілді көне грек ойшылдарының әйгілі еңбектерінде кездеседі. Әлеуметтану классиктері Э.Дюркгейм, М.Вебер, О.Конт білімнің маңыздылығы туралы еңбектерінде көрсеткен. Әлеуметтанушы Э.Дюркгейм өз еңбектерінде білімнің қызметін зерделеп, білімді құндылық ретінде анықтады, білімнің әлеуметтік-саяси процестерінің байланысын қарастырды [5]. М. Вебер арнайы білім алу арқылы қол жеткізілген әлеуметтік бедел үкімет билігіне қатысу мүмкіндігін ашады деп білімнің маңыздылығын айтқан [6]. Француз әлеуметтанушысы П.Бурдьё капиталдың үш түрін атаған болатын экономикалық, әлеуметтік және мәдени. Әлеуметтік және мәдени капитал экономикалық капиталдың нәтижесі бола алады. Білім беру, Бурдьё бойынша, бұл өріс, ал қалғандарының көбеюі үшін агенттер жеткілікті құзыретті екенін ескере отырып, ұдайы өндіруге бағытталады [7]. Э.Гидденстің әлеуметтік топтардың таңдаған мамандығына түсу үшін білім беру қызметі қол жетімді болу қажет деп санайды [8].

П. Сорокин әлеуметтік мобильділік теориясын жасай отырып, білім мен оның мекемелерін (мектеп, колледж, университет) талдауға үлкен көңіл бөлді, оларды тік мобильділіктің басты факторлары ретінде қарастырды. Оның пікірінше, білім беру институты өзіндік «әлеуметтік лифт» болып табылады [9]. «Әлеуметтік және адами капитал» еңбегінде Дж.Коулмен білім беру қолжетімділігін отбасылық капиталдың трансформация ретінде қарастырады [10].

Білімнің қолжетімділігі қандай факторға әсер етуін анықтау мақсатында сауалнама жүргізді. Зерттеуге Нұр-Сұлтан қаласынан іріктеудің кейдесок әдісі бойынша әртүрлі әлеуметтік-экономикалық топтан шыққан, талапкерлер қатысты. Мемлекеттік грант нәтижесімен университетке келген 104 талапкерлерден алынды. Зерттеуге мектеп бітіргеннен кейінгі білімде жоспарлары айқын, мамандық таңдауға шешім қабылдаған негізгі мақсатын білетін, ұлттық біріңғай тестілеуден өткен талапкерлер қатысты.

Жасы бойынша сауалнамаға жалпы білім беретін мектепті аяқтаған 17- 18жас аралық пен колледжден кейінгі жоғары білім алуға бекінген 21 жастағы респонденттер алынды. Пайыздық көрсеткіш бойынша бойынша респонденттердің 17 жас аралығындағы жастар 61% болса, тағы 18 жас аралығындағы азаматтар 36%-ды, қалған 21 жас аралығындағы жастар 3% болды. Сондай-ақ талапкерлердің келген елді мекені бойынша аудан орталықтарынан келген 39%-ды, ал қала тұрғындары 29%-ды, облыс орталықтарынан 20%-ды, қалған республикалық маңызы бар қаладан 7%-ды, ауылдық аймақтан келген 5% респондент қатысты.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі 2019-2020 оқу жылында 53594 мемлекеттік грант бөлген болатын. Гранттар техникалық және педагогикалық салаларға көбірек берілді.

Мамандықтарға бөлінген гранттар санын атап өтетін болсақ, педагогикалық мамандықтар – 8276 орын; әлеуметтік мамандықтар – 960 орын; жаратылыстану мамандықтары – 4088 орын; ақпараттық-коммуникациялық технологиялар 5977 орын; инженерлік мамандықтар – 15011 орын; ауыл шаруашылығы мамандықтары – 1600 орын; «серпін» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес – 5109 орын [11].

Сұраудың мақсаты жастардың жоғары білімге қолжетімділігін анықтау болғандықтан, зерттеу нәтижесінде қолжетімділік факторларына назар аударамыз. Әлеуметтік, экономикалық, мәдени отбасылық капитал анықтаумен, білімнің қолжетімділігін анықтайтын факторлар, мамандық таңдаудың себептерін білуге арналған сауалдар қойылды.

Талапкерлерге жоғары оқу орнын таңдау мақсаты, негізгі себептері, білімнің қажеттілігін анықтау мақсатында сұрақтар қойылды. Респонденттер *жоғары оқуды таңдаудың мақсаты* туралы сұраққа жоғары оқу орнын бітіргеннен кейінгі жұмысқа орналасу мүмкіндігі 56,7% артуда, жоғары оқу орынның мемлекеттік статусы 51%, төлем ақысының төмендігі 9,6% жауап таңдаған. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей *жоғары білімге ұмытылудың негізгі себептерінің бірі* «білікті, беделді жұмысқа орналасу мүмкіндігі» 28,8% болса, екіншіден «өз әлеуметтік мәртебесін артыру» 15,4%, «уақытты босқа өткізгім

келмейді» 3% көрсетілді. Респонденттердің жартысынан көбі білім арқылы білікті маман болып, «лайықты жұмыс табу үшін жоғары білім қажет» деп 28% санайды (Кесте 1). Зерттеу нәтижесінде жоғары оқуға ұмытылу себептерін талдай келе, мамандықтың еңбек нарығына сәйкес келуі маңызды екенін көреміз.

Кесте1. Жоғары білімге ұмытылудың себептері

№	Жоғары білімге ұмытылудың себептері	%
1.	Білікті, беделді жұмысқа орналасу мүмкіндігі	28,8%
2.	Мансап жасау мүмкіндігі	10,3%
3.	Әскерге бармаудың амалы	7,1%
4.	Өз әлеуметтік мәртебесін арттыру	15,4%
5.	Қатарымнан қалғым келмеді	9,9%
6.	Жұмысқа орналасу кепілдігіннің артуы	13,5%
7.	Жоғары жалақыға ие болу	8,7%
8.	Заман талабы	6,1%
9.	Уақытты босқа өткізбеудің амалы	3%

Жоғары білімнің қол жетімділігіне әсер ететін факторлардың бірі- ақпараттың жеткілікті болуы. Талапкерлерге жоғары оқу орындарының тізімі, мамандықтар, конкурстың талаптары туралы мәліметтер толық жете бермейді. Талапкерлердің жоғары оқу орындары туралы ақпарат табуы түрлі шаралар арқылы жүзеге асады. Мысалы, әлеуметтік желі, газеттер, таратпалы жарнамалар, ашық есік күндері т.б. Сондай-ақ жоғары оқу орын әкімшіліктері өз университеті туралы ақпараттар газет, теледидар, таратпалы жарнамалар, әлеуметтік желілер, бұқаралық ақпарат көздері арқылы таратады. Респонденттер көбіне жоғары оқу орындардың сайт арқылы 85,6% болса, ата-аналары мен туыстары, таныстарынан алдым деп 79,8%, мектептегі кәсіптік бағдарлардың атқарған жұмысынан 30% деп жауап берген. Ең аз қолданылатын дәрежеде өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары газеттер, радио пайдаланылды. Респонденттердің өзін-өзі бағалауы бойынша 76% қаланың жоғары оқу орындарының тізімі туралы толық ақпарат алдым деп көрсетсе, алдыңғы жылдардағы гранттар тізімі туралы 51% жартылай ақпарат алдым деп жауапты таңдаған. Сондай-ақ, алдыңғы жылдар бойынша конкурстың нәтижесі бойынша 49% жартылай ақпарат алған, таңдаған бейіні бойынша барлық мамандықтар тізбесі туралы 68% жартылай ақпараттанған, жұмысқа орналасу перспективалары туралы 71% толық ақпараттанғаны белгілі болды. Сонымен, білім алушылардың ақпараттану қажеттілік деңгейі қолжетімсіздікпен шектеліп тұр.

Білімнің қолжетімділігіне талапкерлердің жоғары оқу орнына түсу дайындығы талапкердің отбасылық қаражатына байланысты экономикалық факторлар ретінде талдау жүргізілді. Соңғы жылдары жеке меншік оқу орталықтар арқылы дайындық курстарынан өту қоғамда белең алған. Оқуға түсуге дайындық кезінде «мектептегі қосымша сабақтарға қатыстым» деп 37,5% көрсетсе, «өзім дайындық жүргіздім» деп 34,6% жауап берді. Сондай-ақ, «жеке оқу орталықтарында дайындық жүргіздім» деп 22,1% жауап берді. Респонденттердің 39% дайындық курстарынан өткенін, ай сайын 30000-35000 теңге арасында қаражат жұмсағанын айтты. Бұл жеке меншік оқу орталықтарындағы репититормен дайындық келешекте оқуға түсуге мүмкіндікті арттырады деген түсінік білім алушылардың арасында қалыптасып келе жатқанын бақылаймыз.

Қолжетімділіктің институционалдық факторы ретінде мамандық таңдауға ата-анасының ықпалын қарастырылды. Жастар арасында жүргізілген зерттеу бойынша мамандық таңдаудың басты себептер 64,4% сол мамандыққа гранттың көп бөлінуі мен еңбек сұранысына сәйкес болуы 61,5% алаңтады (Кесте 2). Өйткені 2019 жылғы ақпараттар

бойынша 15-тен 28 жасқа дейінгі жұмыссыз жастар арасында жоғары білімі бар жастар 37,1% құрайды, олардың саны бір жылда 6,9 пайызға өсті [11].

Кесте 2. Мамандық таңдау себебі

№	Мамандық таңдау себептері	%
1.	Грант көп болғаны үшін	64,4%
2.	Мамандық еңбек нарығында сұранысқа ие	61,5%
3.	Мен үшін мамандықтан гөрі диплом маңызды	38,5%
4.	Бүгінгі күні осы мамандықтың беделді болуы	26,0%
5.	Бұл мамандық туралы БАҚ-та көп және жақсы пікір	26,0%
6.	Мамандық қоғамда құрметке ие	25,0%
7.	Мамандық беделі жоқ, бірақ табысы мол	23,1%
8.	Мамандық менің туған жерімде құрметке ие	6,7%
9.	Бұл отбасылық дәстүрге байланысты	2,9%

Мамандық туралы ұсыныстардың динамикасында соңғы 10 жылда бірқатар жаңа мамандықтар сұранысқа ие екенін көреміз. Ол біріншіден, компьютерлік технологияға сұраныстың артуы, екіншіден, еңбек нарығындағы құрылымдық өзгерістермен жалақы мен мамандыққа сұраныстың арақатынасының өзгеруі, үшіншіден, қоғамдағы құндылықтардың өзгеру әсері бар. Сонымен қатар, алғашқы бестікке танымал, беделді мамандықтар қатарына мұғалімдік, экономист, менеджер, IT-маманы жоғары сұранысқа ие, себебі ол мамандықтарға грант көп бөлінген.

Техникалық бейімдегі мамандықтарға сұраныстың өсуіне, экономикалық сектордың дамуы айқын дәлел болып табылады. Осы зерттеу барысында мамандық таңдауда педагогикалық 32%, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша 15%, техникалық білім бағдарламалары 14% жоғары сұраныста болып шықты. Педагогикалық, экономикалық, ақпараттық-технологиялық бейіндегі мамандықтар жоғары сұранысқа ие болып отыр. Білім беру теорияларының көпшілігі ата-аналардың адами капиталының әсерін атап өтеді. Мұнда кем дегенде үш өзара байланысты ықпал бар: ата-аналардың адами капиталының әсері, яғни отбасы құндылықтарын қалыптастыру және білім алу; материалдық жағдай мен табыс арқылы, адам капиталы артқан- ата-анасының әлеуметтік мәртебесі арқылы білім алу.

Зерттеудің барысында орта есеппен талапкерлердің жартысының анасы немесе әкесінің жоғары білімі бар. Сонымен қатар, ол адами капиталының жоғары болғанына қарай, талапкердің жоғары мамандандырылған мектепте, гимназияда немесе жеке мектепте оқиды, сондай-ақ, оқуға түсу мүмкіндігін арттырады. Біздің зерттеу бойынша ең алдымен ата-аналардың білімі баланың мамандық таңдауына әсер етеді. Жоғары білімді таңдауда мәдени капиталдың ықпалының бар болуы бойынша талапкер 62,5% ата-аналардың «*жоғары білім алуға бағыттады*» жауап берген, респонденттердің қалған бөлігі (41,3%) «*қоғамда жоғары білім үлкен мүмкіндіктерге жол ашады*» деп санайды.

Білім алушыларды грант санын көбірек болуы мен еңбең сұранысына сәйкес келу ойландырады. Сонымен қатар, биыл 5000 грант көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан талапкерлерге қолдау көрсету мақсатында бөлінді. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың алғашқы жолдауында «әлеуметтік мәртебесіне қарамастан барлық білім алушыларға білім қолжетімді болуы керек» деп көрсетілген еді [12].

Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалармен өзгерістер жоғары білім беру сатысының өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білімнің қолжетімділігі қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі болып қала береді.

Қорытындылай келе, зерттеу нәтижесі бойынша Қазақстандағы білім беру жүйесі жоғары барлық әлеуметтік осал топтарға әлі де қолжетімсіз. Сондықтан, жоғары білім беру сатысына қол жеткізудің тең мүмкіндігін қамтамасыз еткен жөн.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Доступ в высшему образованию основные Высшая школа Казахстана. – Центр Болонского процесса и академической мобильности, 2015. – с.37 <http://iac.kz/ru/publishing/dostup-k-vysshemu-obrazovan>
2. Основные показатели дифференциации доходов населения. http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersLivingStandart;jses..
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті// <https://stat.gov.kz/official/industry/62/statistic/8>
4. Садырова М.С. Әлеуметтану: өзекті мәселелер – Алматы: «Эверо», 2011. 284 бет..
5. Дюркгейм Э. Социология.-М.: Канон, 1995. с.245
6. Вебер М. Наука как профессия и призвание// Вебер М. Избранные произведения. М., 1990.С644
7. Бурдьё П. Социология политики: Пер. с фр./Сост., общ. ред. и предисл. Н. А. Шматко./ — М.: Socio-Logos, 1993. — 336 с.
8. Гидденс Э. Социология. Эдиториал УРСС, 1999 - 704 С
9. Сорокин П. Адам. Өркениет. Қоғам. М:1992. С. 385
10. Коулман Дж. Капитал социальный и человеческий // Общественные науки и современность. 2001. № 3.
11. 2019 жылы көп балалы және аз қамтылған отбасылардың балаларына 5 мың қосымша грант бөлінеді - ҚР Білім және Ғылым Министірілігі// <https://primeminister.kz/kz/news/press/v-2019-g-budet-vydeleno-5-tys-dopolnitelnygrantov-dlya-detey-iz-mnogodetnyh-maloobespechennyh-semey-mon-rk>
12. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы//https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-kazakstan-halkyna-zholdauy